

**"Отбасы банк" АҚ-да корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысын реттеу  
жөніндегі саясаттан үзінділер**

**Алматы, 2023ж.**

"Отбасы банк" АҚ-да корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясат (бұдан әрі – Саясат) "Отбасы банк" АҚ-да (бұдан әрі – Банк) корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысының (бұдан әрі – қақтығыстар) алдын алу және реттеу мақсатында әзірленді.

Саясаттың мақсаты Банк пен оның Жалғыз акционерінің мүддесі үшін шешімдер қабылдаудың әділ, объективті және тәуелсіз процесін қамтамасыз ету есебінен Банк органдары қабылдайтын шешімдердің тиімділігін арттыру болып табылады. Саясат Банктегі мүдделер қақтығысын болдырмауға бағытталған шаралар тізімін анықтайды, оның негізі қарама-қарсы бағытталған мүдделерді, пікірлерді, мақсаттарды, оларға қол жеткізу тәсілі туралы әртүрлі түсініктерді құрайды.

Банк лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің Банктегі өздерінің кәсіби міндеттерін орындау шеңберінен тыс заңды жеке мүдделері болуы мүмкін екенін түсінеді, бірақ Банктегі жеке мүдделер мен кәсіби міндеттер арасындағы кез келген мүдделер қақтығысы Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына және Саясатқа сәйкес ашылып, реттелуі тиіс.

Корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысының туындау фактілерінің болмауы Банкте мүдделер қақтығысының туындау тәуекелін бағалаудың сандық және сапалық көрсеткіші болып табылады.

Банктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері өздерінің кәсіби функцияларын қақтығыстарды болдырмай, Банк пен Жалғыз акционердің мүддесі үшін адал және ақылмен орындайды.

Мүдделер қақтығысының туындауын барынша азайту мақсатында Банктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

- 1) құзырет пен міндеттерді бөлу қағидаты;
- 2) жауапкершілік қағидаты;
- 3) уақтылығы мен міндеттілігі қағидаты.

Басқарма мен Директорлар кеңесі Банктің және Жалғыз акционердің заңды және негізделген мүдделерін басшылыққа ала отырып, қақтығыстарды реттеуге қатысады.

Корпоративтік қақтығыстарды шешу жөніндегі шешімдер Қазақстан Республикасы заңнамасының және Банктің ішкі құжаттарының ережелеріне негізделуі тиіс.

Мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында Банк қызметкерлері мүдделер қақтығысының туындау қаупін шектейтін әрекеттерді сақтау туралы міндеттемеге қол қояды.